

Жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурстық комиссиясының отырысының
ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

№ 14

«01» 06 2017 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша «Білім бөлімі» ММ-нің 01.03.2017 ж. №126 н/қ бұйрығы бойынша құрылған конкурстық комиссиясының отырысы Түркістан қаласының білім бөлімінің басшысы Б.Шойбековтың төрағалығымен өтті.

Отырысқа қатысқандар:

Б.Шойбеков-	бөлім басшысы, комиссия төрағасы;
С.Аужаев -	экономист конкурс хатшысы;
Г.Малбаева-	бас маман, комиссия мүшесі;
Ж.Орынбасарова-	бас маман-заңгер, комиссия мүшесі;
Л.Оңалбаева-	экономист, комиссия мүшесі;
А.Аблазова-	әдіскер, комиссия мүшесі;

Күн тәртібі:

Түркістан қаласы, Иассы мөлтек ауданында орналасқан жеке меншік балабақшаларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын 3-6 жас аралығындағы 100 (жүз) тәрбиеленушілер орнына орналастыруға 2017 жылдың 02 мамыр-22 мамыр 2017 жыл аралығында өткізілген конкурсқа жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан түскен өтінімдерді қарау.

ҚР Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру» қағидаларында көрсетілген құжаттар пакетін, «Білім бөлімі» ММ-не 22 мамыр 2017 жылы сағат 10-00-ге дейінгі мерзімге 1 (бір) мектепке дейінгі білім беру жеке мекемесі тапсырған.

Комиссия құрамы 23 мамыр 2017 жыл сағат 11-00-де мектепке дейінгі білім беру жеке мекемесі ұсынған құжаттар пакетін қарап шықты.

1. «Дамира-Н» балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесі
100 (жүз) орындық
орналасқан мекенжайы: ОҚО, Түркістан қаласы, 5 көше, №22 үй.
занды мекенжайы: ОҚО, Түркістан қаласы, 5 көше, №22 үй.

Шайқас *Аманжол* *Мамыр* *Әбі* *Орын*

«Дамира-Н» балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серуктестігі мекемесінің құжаттар пакеті 39 (отыз тоғыз) беттен тұрады, нөмірленген тігілген, мөр басылған, «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру» қағидаларының талаптарына сай құжаттармен түгел толықтырылған.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар мен шарттардың сәйкестігін қарап шығып, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру комиссиясы **ШЕШІМ** қабылдады:

100 (жүз) орындық «Дамира-Н» балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серуктестігі мекемесіне орналасқан мекенжайы: ОҚО, Түркістан қаласы, №5 көше, №22 үй, мемлекеттік білім беру тапсырысы 3-6 жас аралығындағы 100 (жүз) тәрбиеленушілер орнына орналастырылсын.

Жақтап 5 дауыс берілді: Б.Шойбеков; Г.Малбаева; Ж.Орынбасарова А.Аблазова; Л.Оңалбаева;



Б.Шойбеков

С.Аужаев

Г.Малбаева

Ж.Орынбасарова

А.Аблазова

Л.Оңалбаева